

Бекітемін:

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек»
жеке балабақша меңгерушісі:
А.К.Бисенова**



**«Раушан» ортаңғы тобының ата- аналар жұмыс жоспары.
2025-2026 жыл**

Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты
нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және
балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету.

Мерзімі	Жұмыс түрі	Жауапты
Қыркүйек	«Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы» ата-аналар жиналысы	Тәрбиеші
Қазан	«Алтын күздің сыйы»	Тәрбиеші
Қараша	Ашық есік күні	Тәрбиеші
Желтоқсан	«Тәуелсіздік – ел тірегі» мерекелік шара	Тәрбиеші
Қаңтар	«Қысқы қауіпсіздік ережелері» кеңес	Тәрбиеші
Ақпан	«Отбасы, бала, балабақша» дөңгелек үстел. Кеңес: «Қызылша»	Тәрбиеші Медбике
Наурыз	«Ана – өмір шуағы» мерекелік ертеңгілік	Тәрбиеші
Сәуір	«Денсаулық – зор байлық» спорттық сайыс	Тәрбиеші
Мамыр	Қорытынды ата-аналар жиналысы	Тәрбиеші

ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасы

**Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтылығы»
(«Раушан» ортаңғы тобы)**

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

2. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылсын.
ХАТТАМА №1

«Раушан» ортаңғы топ ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»

Өткізілген күні: «17» қыркүйек 2025 жыл

Тобы: «Раушан» ортаңғы топ

Қатысқандар саны: 17

Қатыспағандар саны: 8

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттері.
2. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші сөз алып, ата-аналарды жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды. Балалардың жан-жақты дамуы үшін жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берді.

Екінші мәселе бойынша балабақша мен отбасының ынтымақтастығы бала тәрбиесіндегі маңызды фактор екендігі айтылды. Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен жұмысы оң әсер ететіні түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің мүшелері ұсынылып, ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Сөйледі:

Ата-аналар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Балалардың тәрбиесі, қауіпсіздігі және балабақшадағы тәртібі жөнінде сұрақтар қойылды.

Шешімі:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс нығайтылсын.
2. Балалардың балабақшаға тұрақты қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында тұрақты ақпарат алмасу ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.
5. Балалардың тәрбиесі мен дамуына байланысты жұмыстар бірлесіп жүргізілсін.

Тәрбиеші: Сариева Г.Е.

Хатшы: Бисалиева М.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Ғұмар М.

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестікті нығайту.

Міндеттері:

- * Ата-аналарды оқу жылының жоспарымен таныстыру.
- * Топтың күн тәртібі туралы ақпарат беру.
- * Өзара ынтымақтастық орнату.

Қажетті құралдар:

Презентация, сауалнама парақтары, жылдық жоспар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- * Ата-аналарды қарсы алу.
- * Қатысушыларды тіркеу.

II. Кіріспе бөлім

Тәрбиешінің құттықтау сөзі.

III. Негізгі бөлім

- * Топтың жылдық жоспарын таныстыру.
- * Балалардың жас ерекшеліктері туралы ақпарат.
- * Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.

IV. Практикалық бөлім

«Менің балам қандай?» тренингі.

V. Қорытынды

- * Ұсыныстар қабылдау.
- * Кері байланыс жүргізу.

Шешімі:

1. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысын күшейту.
2. Баланың күн тәртібін сақтау.

Хаттама үлгісі

№1 хаттама

Күні: ____

Қатысқандар: ____

Күн тәртібі:

1. Жылдық жоспармен таныстыру.
2. Топ жұмысының ерекшеліктері.

Шешімі:

1. Жоспар бекітілсін.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Тақырыбы: «Алтын күздің сыйы»
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

2025 ж

2025 ж

Тақырыбы: «Алтын күздің сыйы»

Ортаңғы топ

Мақсаты:

- Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру.
- Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.
- Ән айту, би билеу дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер:

Күзгі жапырақтар, көкөністер мен жемістер макеттері, күз ханшайымының киімі.

Барысы:

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар мен қонақтар! Бүгін біз сіздерді «Алтын күздің сыйы» атты мерекелік ертенгілігімізге қош келдіңіздер дейміз.

Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

Тақпақтар:

Балалар күз туралы тақпақтарын айтады.

Ән:

«Алтын күз» әні орындалады.

Залға Күз ханшайымы кіреді.

Күз:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге күздің сыйларын алып келдім.

Ойын: «Көкөністі себетке жина»

Балалар көкөністерді ажыратып, себетке жинайды.

Би:

«Күзгі жапырақтар» биі.

Ойын: «Жемістерді тап»

Күз:

Балалар, сендер өте ақылды екенсіңдер. Мен сендерге сыйлықтарымды тарту етемін.

Ән:

«Күз келді» әні.

Қорытынды:

Жүргізуші балаларды мерекемен құттықтап, белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреді.

Күз ханшайымы балаларға тәтті сыйлықтар таратады.

Залда әуен ойнап тұрады. Балалар залға әуенмен кіреді.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі күз мерекесі құтты болсын. Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, қамбаға толы егінін сыйлайды. Ендеше «Алтын күз» атты мерекелік іс-шарамызды бастаймыз.

Ән: «Жау-жау жаңбыр»

Балалар тақпақтарын ортаға шығып айтады.

Қуанышты ағайын
Қоңырауын қағайын
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді. (Інжу)

Сап-сары маңай
Сап-сары тоғай
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып. (Алишер)

Келді міне күз
Айала сары түс
Керемет,тамаша
Қандай әсем күз. (Абду-рахман)

Думан толы асқарлы
Күз мезгілі басталды
Күз әуені кеп жетті
Әнге бөлеп жастарды. (Жанель)

Күзде жауын,бұлт туман
Сары жапырақ жауады!
Сары құйын ұйытқан
Сапырады ауаны. (Назерке)

Хор: «Күз жомарт»

Тәрбиеші: Балалар мінеки күз мезгіліде келіп жетті.

- Күз мезгіліне қандай айлар жатады?
- Ауа райы қалай құбылады?
- Күзде қандай құбылыстар болады?
- Ал қазір күздің екінші айы.

Осы кезде ішке «Алтын күз» себетке салған жемістері бар.Билеп кіреді.
Әндете жөнеледі.

Алтын күз: Сәлеметсіздер ме, балалар,
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!
Мен- Алтын күзбін!
Жайдары,жарқын жүзбін.
Қонаққа келдім сендерге
Сәбіз,картоп, тәтті алма!
Оған достым таң қалма!
Жапырақ та сиқырлы,
Ойын ойнар түр-түрлі!

Пияз: Асханадан шықпаймын,
Атым-пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам,
Тұмаудан бірақ сақтаймын. (Айкөркем)

Сәбіз: Өсіретін бойынды
Дамытатын ойынды.
Қояға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз! (Айсезім)

Қызанақ: Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып
Тұрған ол мен – қызанақ,
Күнге қарап ұялып! (Ералы)

Қос картоп: Картоп – біздің атымыз,
Дер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз! (Арыстан)

Алма. Мен алмамын,алмамын
Тандандырар бал дәмім
Пісіп толдым, мінекей
Баптап ерек бағбаным. (Анель)

Шие Мен шиемін, шиемін
Күннің көзін сүйемін
Қажеттімін адамға
Оны жақсы білемін (Азина)

Асқабақ Тандандырар бәрін
Асқабақпын дәмді
Кептірілген дәнім
Таптырмайтын дәрі (Ақылбек)

Алтын күз: Өрік, алша, Шие, алма
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз
Қияр, сәбіз
Дүкендерге түседі.

Балалар: - Күзде дейді.

Алтын күз: Бұлттар төніп
Жерге шөгіп
Дымқыл тұман болады.
Шөп сарғайып
Өңі тайып
Дала сұры қашады.
Бой жаза алмай
Ойнай алмай
Денең мұздап тоңады
Бөбектерім-ай тыңдаңдар
Бұл қай кезде болады?

Балалар: -Күзде

Алтын күз:

Жарайсыңдар, балдырғандарым менің өлең жұмбағымды бірден таптыңдар.
Сендерге өз жемістерімді ала келдім!

Тәрбиеші: Рахмет, «Алтын күз» сіздің жемістеріңізбен ойын ойнайық қазір ортаға бір баланы шығарып көзін таңамыз. Алдына жемістерді қоямыз, жемістерді сипап көріп пішініне қарай ажыратамыз. (қонақтармен де ойнауға болады).

Ойын: «Жемістер қандай пішінде»

Би: «Қолшатыр»

Алтын күз: Балалар өте өнерлі екен, тамаша. Риза болып отырмын. Маған қайтатын кез келді. Аман есен болыңдар. Еңбек етіп қойнап-күліп қырықпап әнге салыңдар. Әкелген жемістерін балаларға таратып береді.

Балалар: Рахмет сааған Алтын күз.

Тәрбиеші: осымен біздің күз туралы мерекеміз аяқталды. Бәріңіз мерекеге жақсы қатыстыңдар.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Тақырыбы: «Ашық есік күні»
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

Тақырыбы: Ашық есік күні

Топ: Ортаңғы топ

Өткізу түрі: Ата-аналармен ашық оқу қызметі

Білім беру саласы: Таным, Қатынас, Шығармашылық

Мақсаты:

Балалардың балабақшадағы күн тәртібімен, оқу қызметімен таныстыру, ата-анамен тығыз байланыс орнату, балалардың қабілеттерін көрсету.

Міндеттері:

- * Балалардың білім-білік дағдыларын көрсету
- * Ата-аналармен бірлескен жұмыс ұйымдастыру
- * Баланың сөйлеу, ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту
- * Балабақшаға деген қызығушылықты арттыру

Көрнекіліктер:

Суреттер, ойыншықтар, үлестірмелі материалдар, түсті қағаз, қарындаштар.
Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші:

– Қайырлы күн, құрметті ата-аналар және балалар!
Бүгін бізде ерекше күн – «Ашық есік күні». Сіздер балалардың балабақшадағы бір күнін көресіздер.

Шаттық шеңбері:

Балалар мен ата-аналар бірге:

Қол ұстасып тұрайық,
Шеңберді біз құрайық.
Бақыт, шаттық, қуаныш,
Бізге әрдайым сыйлайық!

Негізгі бөлім:

1. Танымдық бөлім (сұрақ-жауап):

- * Сенің атың кім?
- * Қай топта оқисың?
- * Балабақшада не істейміз?

2. Дидактикалық ойын:

«Түстерді тап»

Балалар түстерді атап, заттарды сәйкестендіреді.

3. Сөйлеуді дамыту:

Сурет бойынша әңгімелеу:

«Менің отбасым», «Менің балабақшам»

4. Қимылды ойын:

«Күн мен жаңбыр»

- Күн шықты – балалар жүгіреді
- Жаңбыр жауды – балалар тығылады

Шығармашылық бөлім:

Балалар:

- * Түстермен сурет салады
 - * «Менің балабақшам» тақырыбында жұмыс орындайды
- Ата-аналар көмектеседі

Сергіту сәті:

Оңға, солға бұрыламыз,
 Қолды жоғары созамыз.
 Денемізді шынықтырып,
 Шат көңілмен ойнаймыз!


Қорытынды:

Тәрбиеші:

- Бүгін біз бірге жұмыс істедік.
- Балалар өте жақсы қатысты.

Ата-аналарға алғыс:

- Уақыт бөліп келгендеріңізге рахмет!
- Балалармен бірге болу – үлкен қолдау.



МОНІТОРИНГ КІТІК

МОБІЛЬДІ КІТАПХАНА



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Тақырыбы: Тәуелсіздік – ел тірегі
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

Тақырыбы: Тәуелсіздік – ел тірегі

Топ: Ортаңғы топ

Білім беру саласы: Таным, Қатынас, Шығармашылық

Мақсаты:

Балаларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы қарапайым түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезім қалыптастыру.

Міндеттері:

- * «Тәуелсіздік», «Отан», «Ел» ұғымдарын түсіндіру
 - * Қазақстан рәміздерімен таныстыру
 - * Туған елге деген құрмет сезімін ояту
 - * Тілін, елін сүйуге тәрбиелеу
- Көрнекіліктер:

Қазақстан картасы, Ту, Елтаңба, Әнұран суреттері, презентация, бейнежазба.

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші балалармен амандасады:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Көңіл-күйлерің қалай?

Шаттық шеңбері:

Балалар шеңберге тұрып:

Арайлап таң атты,
Алтын күн шықты.
Қазақстан – менің елім,
Бақытты ел болсын!

Негізгі бөлім:

1. Әңгіме:

Тәрбиеші түсіндіреді:

- * Қазақстан – біздің Отанымыз

- * 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні
- * Тәуелсіз ел – өз болашағын өзі шешетін ел

2. Сұрақ-жауап:

- * Біздің Отанымыз қалай аталады?
- * Туымыздың түсі қандай?
- * Біз қай елде тұрамыз?

3. Рәміздермен танысу:

- * Ту – көк түс, күн мен қыран бейнесі
- * Елтаңба – шаңырақ, уықтар
- * Әнұран – еліміздің әні

Сергіту сәті:

Оңға бір қадам, солға бір қадам
Қолымызды көтереміз,
Қазақстанды сүйеміз!

Шығармашылық жұмыс:

Балаларға:

- * Туды бояу
- * Қыран құсты жапсыру
- * «Менің Отаным» суретін салу

Қорытынды:

Тәрбиеші қорытындылайды:
– Біз тәуелсіз елде өмір сүреміз.
– Қазақстан – біздің ортақ үйіміз.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**ҚЫСҚЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ – АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС
(«Раушан» ортаңғы тобы)**

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

ҚЫСҚЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ – АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС

Қыс мезгілі – әдемі әрі қызықты, бірақ балалар үшін әртүрлі қауіптер де болуы мүмкін. Сондықтан ата-аналардың бақылауы мен түсіндіруі өте маңызды.

1. Дұрыс киіндіру

- * Баланы ауа райына сай жылы киіндіру
- * Бас киім, қолғап, мойын орағыш міндетті
- * Аяқ киім тайғанамайтын, жылы болуы керек
- * Киім тым ауыр болмауы керек (қозғалысқа ыңғайлы)

2. Мұзда қауіпсіздік

- * Мұзда сырғанамау туралы түсіндіру
- * Тайғақ жолда абайлап жүру
- * Жолдан өткенде ата-ананың қолынан ұстап жүру
- * Үлкен жол маңында ойнауға болмайды

3. Жол қауіпсіздігі

- * Қараңғыда жарық шағылыстырғыш (светоотражатель) тағу
- * Жолды тек арнайы жерден кесіп өту
- * Көлікке жақын ойнамау

4. Қармен ойнау ережесі

- * Қарды лактыру кезінде бетке, көзге тигізбеу
- * Мұз, қарды жемеу
- * Қар астындағы белгісіз заттарға тимеу

5. Үйдегі қауіпсіздік

- * Жылытқыш құралдарға жақын бармау
- * Электр құралдарын рұқсатсыз қоспау
- * Ыстық су, пеш маңында ойнамау

6. Ата-аналарға кеңес

- * Баланы үнемі бақылауда ұстау
- * Қауіпсіздік ережелерін күнделікті қайталау
- * Сыртқа шығар алдында ауа райын тексеру
- * Баламен ашық әңгіме жүргізу

Қорытынды:

Қысқы қауіпсіздік ережелерін сақтау – балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігінің кепілі.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Тақырыбы: Отбасы – бала – балабақша
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

Тақырыбы: Отбасы – бала – балабақша

Форматы: Дөңгелек үстел (ата-аналармен кездесу)

Мақсаты:

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, баланың тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті түсіндіру.

Міндеттері:

- * Ата-анамен ашық пікір алмасу
- * Баланың дамуына отбасының рөлін түсіндіру
- * Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысын күшейту
- * Тәрбиедегі бірізділікті қалыптастыру

Өткізу барысы:

1. Кіріспе сөз (тәрбиеші)

– Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз «Отбасы – бала – балабақша» атты дөңгелек үстелде бас қостық. Бала тәрбиесі – ортақ іс, сондықтан бірлесіп жұмыс істеу өте маңызды.

2. Шаттық шеңбері

Барлығы бірге:

Отбасы – жылу,
Балабақша – білім ұясы.
Екеуі бірге болса,
Бала – бақыт шуағы!

3. Негізгі бөлім

Сұрақ-жауап:

- * Бала тәрбиесінде отбасының рөлі қандай?
- * Балабақша қандай көмек береді?
- * Үйде баламен қалай жұмыс жасайсыз?

Пікір алмасу:

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөліседі:

- * Баламен қарым-қатынас
 - * Тәртіп қалыптастыру
 - * Ойын арқылы үйрету
- Ойын: «Баланы түсін»

Тәрбиеші жағдай айтады, ата-аналар шешім ұсынады:

- * Бала тыңдамайды
 - * Балабақшаға барғысы келмейді
 - * Ұялшақ бала
4. Психологиялық тренинг

«Жылы сөз»

Ата-аналар бір-біріне бала тәрбиесіне қатысты жылы сөз айтады:

- * Сен жақсы анасың/әкесің
- * Сенің балаң бақытты
- * Біз бірге күштіміз

5. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

– Бала тәрбиесі – үштік байланыс: отбасы – бала – балабақша.
Бірге жұмыс жасасақ, нәтижесі де жақсы болады.

Қорытынды тілек:

Бала – біздің болашағымыз,
Оны бірге тәрбиелейік!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**Қызылша ауруының алдын алу бойынша
кеңес
(«Раушан» ортаңғы тобы)**

Медбике:Есенгалиева.А.А.

Қызылша ауруының алдын алу бойынша кеңес

Құрметті ата-аналар!

Қызылша – ауа арқылы тез таралатын жұқпалы ауру. Сондықтан баланың денсаулығын сақтау үшін төмендегі кеңестерді ұстанған жөн.

Қызылшаның белгілері:

- * Дене қызуының көтерілуі;
- * Мұрыннан су ағу;
- * Жөтел;
- * Көздің қызаруы, жасаурауы;
- * Денеді қызыл бөртпенің пайда болуы.

Алдын алу шаралары:

- ✓ Баланы уақытында вакцинациядан өткізу;
- ✓ Қолды жиі сабынмен жуу;
- ✓ Бөлмені жиі желдету;
- ✓ Дұрыс тамақтану және дәрумендер қабылдау;
- ✓ Науқас адамдармен байланысты шектеу;
- ✓ Баланың иммунитетін нығайту.

Егер бала ауырса:

- * Дәрігерге дереу хабарласыңыз;
- * Баланы басқа балалардан оқшаулаңыз;
- * Дәрігердің нұсқауын қатаң орындаңыз;
- * Сұйықтықты көбірек ішкізіңіз.

Балалардың денсаулығы – баршамыздың ортақ міндетіміз!
Арудың алдын алып, балаңыздың денсаулығына қамқор болайық.



Қызылша

Қызылша вирусын
транзитортың арқылы
жұқпалы ауру

Қызылша а қарлы
жылдарда ауруда
алдын алуға тейеді



Симптомдары



қызылша вирусы



Асқынулар



Температура



қызыл,
сәл терісін бөртпе

қалың
қалың асқар

мұрынның ағуы

жатап және
тамақ ауруы

ауыз ішіндегі
көптеп дақтары

ҚЫЗЫЛША

ауа тамшыларымен
таралатын жұқпалы ауру



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Ана-өмір шуағы» мерекелік ертеңгілік
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

Тақырыбы: “Ана – өмір шуағы”

Мақсаты: Балалардың анаға деген сүйіспеншілігін арттыру, мейірім мен құрметке тәрбиелеу.

Кіріспе

(Музыка ойнайды, балалар ортаға шығады)

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті аналар, қонақтар!

Бүгін біз “Ана – өмір шуағы” атты мерекелік кешімізді бастаймыз.

Ана – өмірдің шамшырағы,

Ана – жүректің жыр-әні.

Бүгінгі кешіміз арналады

Бар аналарға – ең қымбаты!

Балалардың тақпағы

(Балалар кезекпен айтады)

1-бала:

Ана деген – ақ мейірім,

Жанға жылу сыйлаған.

2-бала:

Анам менің асылым,

Жүрегімнің басымы.

3-бала:

Ана болса жанымда,

Қуаныш бар таңымда.

Ән

“Анашым” немесе “Ана туралы ән”

(Балалар бірге орындайды)

Би

(Қыз балалар “Гүлдер биі” немесе еркін би орындайды)

Көрініс (шағын сахналық қойылым)

Тақырыбы: “Ана мен бала”

Бала ауырғанда анасының камкорлығы,
Анасының мейірімі көрсетіледі.
(Қысқа диалогтар, эмоциялық көрініс)

Ойын / интерактив

“Анамды таны” ойыны

Балалар аналарын сипаттап айтады:

“Менің анам мейірімді, әдемі, ақылды...”

 Қорытынды ән

Барлық балалар бірге:

“Ана – өмір шуағы” әнінің қайырмасын орындайды.

Қорытынды сөз

Жүргізуші:

Ана – біздің өміріміздің алтын діңгегі.

Аналарымыз аман болсын, әрқашан қуанышқа бөленсін!

Кешіміз аяқталды. Қош сау болыңыздар!



Күні: «12»қаңтар 2026 ж.

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Денсаулық-зор байлық» спорттық сайыс
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Жардем Е.Е.

«Денсаулық – зор байлық!» спорттық сайыс

Мақсаты: Балалардың дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, ұстаздар және балалар!
Бүгінгі «Денсаулық – зор байлық!» атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер!

Ұраны:
Деніміз сау болсын деп,
Спортпен әркез дос болдық!

Командаларды таныстыру

1-топ: «Қыран»
Ұраны: Шынығамыз жалықпай, жеңіске біз талпынай!

2-топ: «Тұлпар»
Ұраны: Денсаулықты сақтаймыз, спортпен бірге өсеміз!

Сайыс кезеңдері

1. «Жылдам жүгір»

Белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайту.

2. «Допты жеткіз»

Допты кедергілер арасымен алып өтіп, келесі ойыншыға беру.


3. «Кім шапшаң?»

Құрсаудың ішінен өтіп, межеге жету.

4. «Секіргіштер»

Балалар белгіленген жерге дейін қос аяқпен секіреді.

5. «Көңілді эстафета»



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Бір жылдық белес – ортақ жетістік»

Мақсаты:

Ата-аналарды оқу жылының қорытындысымен таныстыру, балалардың жетістіктерін көрсету, отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайту.

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз.
2. Оқу жылының қорытындысы.
3. Балалардың жетістіктері.
4. Ата-аналарға алғыс білдіру.
5. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы кеңес.
6. Қорытынды.

Жиналыс барысы

Тәрбиешінің кіріспе сөзі: Тәрбиеші: Г.Е.Сариева сөз алып, оқу жылының қорытындысына тоқталды. Балалардың жетістіктеріне тоқталып, балабақшаішілік жұмыстарға белсене қатысқан ата-аналарға алғысын айтып, мақтау қағаздарын табыстады. Балабақша медбикесі жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне тоқталып кеңес берді.

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз оқу жылының қорытынды жиналысына жиналып отырмыз. Бір жыл бойы балаларымыз көптеген жаңалықтарды меңгеріп, білім алып, шығармашылық және спорттық іс-шараларға белсенді қатысты. Бұл жетістіктердің барлығы балабақша мен отбасының бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Оқу жылының қорытындысы.

Оқу жылының қорытындысына тоқталып, келесі оқу жылына сәттілік тілеп, «Жүрек жылуы» тренингпен аяқтады.

Тәрбиеші: Сариева Г.Е.

Хатшы: Бисалиева М.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

№2 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиешілер: Сариева Г.Е.
Болатова А.Ш.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Ғұмар М.

Күні: 21 мамыр 2026ж

№2 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Тобы: Ортаңғы топ

Күні: «» ____ 20 ж.

Қатысқандар: __ ата-ана

Қатыспағандар: __ ата-ана

Күн тәртібі:

1. Балалардың I жартыжылдықтағы даму нәтижелері туралы.
2. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері.
3. Ата-аналармен түрлі мәселелер бойынша пікір алмасу.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Тәрбиеші балалардың I жартыжылдықтағы жетістіктері туралы баяндама жасады. Балалардың сөйлеу, танымдық, шығармашылық және дене дамуы бағыттарындағы жетістіктері айтылды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші қыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау туралы кеңес берді. Атап айтқанда:

- * Жолда жүру ережелерін сақтау;
- * Тайғақта абай болу;
- * Балаларды караусыз қалдырмау;
- * Ауа райына сай киіндіру.

3-мәселе бойынша:

Ата-аналар балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылап, өз ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етті:

1. Балалардың дамуына бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
2. Қысқы қауіпсіздік ережелерін сақтау ата-аналардың назарына алынсын.
3. Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс нығайтылсын.
4. Балалардың тәрбиесі мен дамуына байланысты жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Тәрбиеші: Сариева Г.Е.

Хатшы: Бисалиева М.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Ғұмар М.

